



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.12.2021ж.

№ 14 3-т.

**Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының мүшелік ұйымдарының кәсіподақтардың
облыстық, аумақтық бірлестіктерімен өзара
іс-әрекетінің мәселелері туралы**

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының
Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының мүшелік ұйымдарының кәсіподақтардың облыстық, аумақтық бірлестіктерімен өзара іс-әрекетінің мәселелері туралы» ақпарат назарға алынсын (тіркеледі).

2. Салалық кәсіподақтың облыстық және аумақтық ұйымдарына:

- қызметтерінің басты бағыттарының бірі кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік әріптестік тиімділігін арттыруға қатысты облыстық, Нұр-Сұлтан қаласы астанасымен, республикалық мәндегі Алматы, Шымкент қалаларының Кәсіподақ орталықтарымен өзара іс-әрекетін нығайту болып есептелсін.

Осы мақсатта:

- Салалық Кәсіподақтың облыстық, аумақтық ұйымдарының және аумақтық бірлестіктердің бірлескен күш-жігерін білім және ғылым саласы қызметкерлерінің өзекті мәселелерін шешуге, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының ережелерін іске асыруға бағыттау;

- барлық деңгейлердегі әлеуметтік әріптестік туралы Келісімдермен, ұжымдық шарттармен көзделген міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына қол жеткізу;

- білім және ғылым ұйымдарында мемлекеттік бақылау органдарының қатысуымен жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауға қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысты жандандыру ұсынылсын.

3. Кәсіподақ Кеңесіне кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерімен кәсіподақ ұйымдарының өзара іс-әрекетіне қатысты «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ Жарғысына толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы мәселені қарап, қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін білдіру және қорғау жөнінде

жарғылық мақсаттар мен міндеттерді орындау бойынша олардың бірлескен қызметінің негізгі бағыттарын анықтау ұсынылсын.

4. Кәсіподақ басшылығы (Мұқашева А.М., Беженаров В.Ф., Әбиева Ә.Ә.) 2022 жылғы 15 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясына ұсыну үшін кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерін құру және басқару, кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктері мен салалық кәсіподақ ұйымдарының өзара іс-әрекеті мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

А. Мұқашева